

2016 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 3539 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 29.04.2016 № 180 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы", Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі төмендегідей белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт (бір жылдан көп) жұмыс істемейтін адамдар;
- 2) еңбек өтілі жоқ, жасы жиырма тоғыз жастан асқан тұлғалар;
- 3) жасы елу жастан асқан тұлғалар;
- 4) жұмыссыз әйелдер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Сәдірмекке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев